

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы :Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ: ортаңғы «Айналайын» тобы

Бала жасы: 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 31.10-04.11. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 31.10.22	Сейсенбі 01.11.22	Сәрсенбі 02.11.22	Бейсенбі 03.11.22	Жұма 04.11.22
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу . Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Үстел үсті ойыны: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады. Сөйлеуді дамыту	Психологиялық жаттығу: «Күннің шуағы» Мақсаты: Балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау. Күн сәулесі адамға қуаныш, жылу беретінін сезіну -Бәріміз көзімізді жұмып, күнге қол созамыз. Күннен жылу алып бір-бірімізге сыйлаймыз, қуаныш қол соғамыз. Сөйл.дамыту, көрк.әдеб	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Д/о Шаруа мен аю» Мақсаты: Ертегіні тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне отырып ертегіні аяқтауға дағдыландыру Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем әдебиет	Сәлемдесу "Көңілді тілек". Мақсаты: достарына деген жақсы қарым қатынасты дамыту. Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы, жағымды тілек айтады. Сөйлеуді дамыту, танымдық дағды	Балалардан көңіл күйлерін сұрау. Өз үйіңді тап Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Сөйлеуді дамыту
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Баланың үйдегі қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>«Күз бояуы» Мақсаты: Балаларға күз мезгілі жайлы түсінік беру. Күздің ерекшелігін сурет арқылы баяндауға үйрету. Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру. Сөйлеуді дамыту</p>	<p>«Мен Шаштараз боламын» Мақсаты: Балалар бір -бірімен ойнау арқылы өздерін Шаштараз сезіне алады.</p>	<p>Үстел үсті ойыны: Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Ойын мақсаты: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады. Сөйл.дамыту,сурет салу</p>	<p>Үстел үсті ойыны: «Жәндіктер» Мақсаты: Балаларға суреттер арқылы жәндіктер туралы түсінік беру. Жәндіктерді құрастыра отырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құрастыру</p>	<p>«Жаңбырлы күн» Мақсаты: Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Бұлттың, тамшының салу әдіс-тәсілдерін үйрету. Сурет салу</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>Картотека №10</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз. «Тату үйдің тамағы тәтті» Мақсаты:балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Бата айту: Дастарханым мол болсын, Уайым-қайғы жоқ болсын. Бірлік берсін басымызға, Береке берсін асымызға. Әмин</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Тәрбиешіге көмектесу туралы әңгімелесу Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>	<p>Шаттық шеңбері: Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек,</p>	<p>Шаттық шеңбері: Армысың, қайырымды Аспан ата! Армысың, мейірімді Жер ана!</p>	<p>Шаттық шеңбері: Бақыт деген- Осы шаттық шеңбері Қол ұстасып Тұрайықшы , кел бері. Бақыт деген-</p>	<p>Жылулық шеңбері: Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы</p>

	Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту сөйлеуді дамыту, танымдық дағды	Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! көрк.әдеб,сөйл.дамыту	Армысың, шұғылалы Алтын күн! Қайырлы таң,қайырлы күн! Сәлеметсіздер ме, Апайлар! Сәлеметсіздер ме, достар! көрк.әдеб,сөйл.дамыту,музыка	Көрмей қалса сағынып, Мені іздейтін Адал жүрек сендегі. сөйл.дамыту	Жылуымды беремін Достар , бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер! сөйл.дамыту,музыка
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Денешынықтыру міндеті: Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 м қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Қ/о «Маған қарай лақтыр» Мақсаты: балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру.	Қазақ тілі: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.	Денешынықтыру міндеті: Жүру Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден; екеуден жұппен жүру; әртүрлі бағытта: тура шеңбер бойымен, «жыланша» шашырап тапсырмаларды орындай отырып жүру. Қ/о «Алға жылдам жүр, тек жүгірме» Ойынның мақсаты: Өкпені тыныс алуын,	Денешынықтыру міндеті: Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Қ/о «Жел» Мақсаты: қимылдардың үйлесімділігі, оң, сол, жоғары, төмен түсініктерін қалыптастыру. Терең ырғақты дем алуын дамыту.	Музыка міндеті: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту.

			жалпы дене қимылын, ептілігін дамыту.		
2- таңғы ас	Балалардың назарын тағамға аудару, үстелдегі балалардың дұрыс отыруын қадағалау өз-өзіне қызмет ету, мәдени дағды				
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Серуенге ойын құралдарын дайындау. Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту				
Серуен	№42 Серуен картотека	№43 Серуен картотека	№44 Серуен картотека	№45 Серуен картотека	№46 Серуен картотека
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала. Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. Достарымен ішке кіру. (өз-өзіне қызмет ету, мәдени дағды, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, жууын қадағалау. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Бата жасау: Дастарханым мол болсын, қайғы жоқ болсын. басымызға, асымызға. Әмин				
					Уайым- Бірлік берсін Береке берсін

Күндізгі ұйқы	«Аң патшасы Арыстан» ертегісін оқып беру Көркем әдебиет	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау, баяу музыка тыңдау музыка	«Балапаным» әнімен ұйықтату музыка	Аудио ертегі «Ақылды Қоян» көрк.әдеб	Балалардың жақсы тынығулары үшін, жағдай жасау. Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы : Көзге арналған жаттығулар: «Түрлі-түсті жалауша» музыка, мәдени дағды, д\ш	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар» тыныс алуға арналған жаттығу	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Түймелі Қолтырауын» майтабандылықтың алдын алу. музыка, мәдени дағды, д\ш	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Түймелі қолғап» арқа бұлшық етіне массаж жасау арналған жаттығулар (музыка, мәдени дағды, д\ш)	Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Орамалды жинау» аяқ саусақтарына арналған жаттығу
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Аналарымызға арналған мәншақ жасайық» Ермексазды алақан арасында дөңгелектетіп мәншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын	Суреттік боямалар «Мекенін тап» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен	Д/о: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете отырып, түсіндіру. Қоршаған ортамен	Үстел үсті ойын «Дойбы» Мақсаты: Балаларды дойбымен ойнау жолдарын түсіндіру бірге ойнау Құрастыру	Қимылды ойын: «Сымсыз телефон». Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету.

	түрлі түсті моншақ жасату. Мүсіндеу	таныса алады. Сурет салу	танысу		
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Әуенді кітапты пайдалана отырып Сафи, Айлинге жануарлардың қалай дыбыстайтынын үйрету Көркем әдебиет, қорш. орта, музыка	Жеке баламен жұмыс: Түрлі-түсті түстерден жасалынған Көбелектерді пайдалана отырып Инабат, Аллиярға баулау, түймелеу ептіліктерін қалыптастыру Құрастыру, матем негізі, танымдық дағды	Жеке баламен жұмыс: Бизиборд тақтасын пайдалана отырып Айкен, Аланға геометриялық пішіндерді танып білуі үшін жұмыс жасау. Пішіндерден күшіктің үйшігін құрастыру Сөйл. дамыту, матем. негіз	Жеке баламен жұмыс: Мақал-мәтел. Таза болса- табиғат, Аман болар – адамзат. Мақсаты: Мақал жаттату арқылы Алина, Аңсарға сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат, денсаулық туралы түсініктерін тереңдету. Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту	Жеке баламен жұмыс: «Қорегін тап» кітапшасын пайдалану арқылы Медина, Абылайлардың жануарлар туралы түсініктерін нақтылау Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№42 Серуен картотека (қорытындылау)	№43 Серуен картотека (қорытындылау)	№44 Серуен картотека (қорытындылау)	№45 Серуен картотека (қорытындылау)	№46 Серуен картотека (қорытындылау)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Әндер мен тақпақтарын қайталау. көркем әдебиет, музыка	Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Көркем әдебиет	Қ/о: «Орамал тастау». Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту	Саусақ ойыны: «Санамақ» Мақсаты: балалардың ойлау қабілеті мен қабылдауын дамыту. сөйлеуді дамыту, математика негіздері	Балалардың қалауы бойынша орталықтарда жұмыс. сөйлеуді дамыту. Еркін тақырыпта шығармашылық (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) іс әрекеттерін балалардың қалауы бойынша ұйымдастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларының жақсы қасиеттерін айту	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Балалармен бірге Күз мезгіліне көрме жасап келуді тапсыру	Балалардың жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.
Циклограмма толтырған тәрбиеші: Әдіскер:					

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы :Т.О.О «Инсар Компаниясы» «Ар-Дана» балабақшасы

Топ: ортаңғы «Айналайын» тобы

Бала жасы: 3жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 07.11-11.11. 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 07.11.22	Сейсенбі 08.11.22	Сәрсенбі 09.11.22	Бейсенбі 10.11.22	Жұма 11.11.22
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз.	«Балаларды әдемі көңіл күймен қарсы алу. Достық» жаттығуы Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос. (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз, (екі қолдың	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Қателеспе» Мақсаты: Спорт түрлерін анықтауға және білімдерін бекітуге жаттықтыру. Спортпен шұғылдануға деген талабын арттыру. Д/ш	Сәлемдесу "Көңілді тілек". Мақсаты: достарына деген жақсы қарым қатынасты дамыту. Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір- біріне жақсы, жағымды тілек айтады. Сөйлеуді дамыту, танымдық дағды	Балалардан көңіл күйлерін сұрау. Өз үйінді тап Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Сөйлеуді дамыту

	Қоршаған ортамен танысу	саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес, (шынашақта н бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес, Енді санауды аяқтадық. (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз) Сөйл.дамыту, көрк.әдеб			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел	Д/о «Сиқырлы сандық» Мақсаты:	1.«Үй жануарлары» Ойын	Үстел үсті ойыны: «Кім тез жинайды.» Ойын мақсаты: Көкөністер мен	Д/о« Сыңарын тап » Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы түсініктерін	« Әдемі үйшік » Мақсаты: Балалар өз еріктерімен

<p>үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету. Сөздер де дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту. Көрк.әдебиет, сөйл.дамыту.</p>	<p>мақсаты: Үй жануарларын ың дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. атату, олар туралы мейірімді сөздер айту. Қоршаған орта, сөйл.дамыту, жапсыру</p>	<p>жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Қорш.орта,сөйл.дамыту,мүсіндеу</p>	<p>кеңейту.Байқампаздыққа және шапшаңдыққа үйрету.Ойынға қызығушылықтарын арттыру.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Математика негіздері</p>	<p>үйшікті құрастыра алады. Құрастыру</p>
<p>Таңертенгі жаттығу</p>	<p>Картотека №11</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту</p>				

	<p>Бата айту: Береке берсін асымызға! Амандық берсін басымызға. Дастарханымыз мол болсын, Көңіліміз жайлы болсын.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Д/о«Тез жауап бер.» Мақсаты: Түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге қасық т. б. Ойынды үйренгесін тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі, үш сөзбен жауап беруге болады. Математика негіздері</p>	<p>Шаттық шеңбері: «Тату-тәтті отбасы» Сенде де бар жанұя, Үлкендер де кіші де, Жанұя бары шуақ қой, Қуаныш пен қуат қой! көрк.әдеб,сөйл.дамыту</p>	<p>«Жүректен жүрекке» Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да, Достар бір-біріне Сенімді боламыз. 2 деген 2 дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. көрк.әдеб,сөйл.дамыту</p>	<p>Шаттық шеңбері: «Тілек тілеу» Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! сөйл.дамыту</p>	<p>Жылулық шеңбері: «Шын жүректен» Ән салуға барамыз, (шеңбер бойлай жүреді) Досымызды табамыз. (тоқтайды) Сәлемет пе! Міне мен! (қолдарын екі жаққа сермейді) Доспын енді сенімен! (көршілерімен қол алысады) сөйл.дамыту,музыка</p>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Денешынықтыру міндеті: Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әртүрлі бағытта: тура шеңбер бойымен, «жыланша» шашырап жүгіру; белгілі тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Қ/о: «Қабырғалы тақтайдан өт» Мақсаты:</p>	<p>Қазақ тілі міндеті: Ауызекі сөйлеуде қоршаған орта заттарымен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың атауларын</p>	<p>Денешынықтыру міндеті: Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Қ/о «Жүгір де, ұста!» мақсаты: балаларды ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Денешынықтыру міндеті: Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Қ/о «Маған қарай лақтыр» Мақсаты: балалардың қимыл дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Музыка міндеті: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыканың шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (қатты-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді және т.б) байқауға үйрету.</p>
----------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	балалардың денелерін тік ұстауын, тепе-теңдікті сақтауын, дұрыс дем алуын дамыту.	айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.			
2- таңғы ас	<p>Екінші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек қызметі) Балалардың назарын тағамға аудару, балалардың дұрыс қалпын қадағалау, тік, түзу отыру, алаңдамау (сөйл дамыту, мәдени гигиеналық дағды).</p> <p>Жуыну кезіндегі тақпақтар: Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде.</p>				
Серуенге дайындық	<p>Балалардың ретімен киінулерін қадағалау (ауа-райына байланысты) дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. (коммуникативтік дағды, өзіне-өзі қызмет ету, танымдық дағды)</p>				
Серуен	№47 Серуен картотека	№48 Серуен картотека	№49 Серуен картотека	№50 Серуен картотека	№51 Серуен картотека
Серуеннен оралу	<p>Қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай, жүгірмей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін, сыртқы киімдерін ұқыпты ілулерін қадағалау. Әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет коммуникативтік дағды, өзіне-өзі қызмет ету, танымдық дағды, математика негізді)</p>				
Түскі ас	<p>Сабынмен қолдарын сабындап, жууын қадағалау. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p>				

	<p>Бата жасау: Береке берсін асымызға! Амандық берсін басымызға. Дастарханымыз мол болсын, Көңіліміз жайлы болсын.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>«Алтын шашты қыз бен үш аю» ертегісін оқып беру Көркем әдебиет</p>	<p>«Бесік жыры» әнімен ұйықтату Музыка</p>	<p>«Шынашақ» ертегісін оқып беру көркем әдебиет</p>	<p>Аудио ертегі «Ақылды тышқан» көрк.әдеб</p>	<p>Балалардың жақсы тынығулары үшін, жағдай жасау.Музыка</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы : Көзге арналған жаттығулар: Көзге арналған жаттығулар: Көздерді оңға – солға, солдан оңға</p>	<p>Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Тыныс алу жаттығуы: «Жапырақты ұшыр» Терең тыныс алып, ауызбен ұзақ дем шығара отырып,</p>	<p>Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: «Кедір - бұдыр жолдармен жүріп өту». майтабандылықтың алдын алу. музыка, мәдени дағды, д\ш</p>	<p>Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл - қозғалыс дағдыларын дамыту. А) Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз</p>	<p>Балаларды ояту, төсекте жатып бой жазу жаттығуларын жасау Сауықтыру-шынықтыру шарасы: Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру.</p>

	<p>қарай қозғалту;</p> <p>Көз қарашығын көкке одан төменге қарату;</p> <p>Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;</p> <p>Тез арада көзді ашып – жұму; музыка, мәдени дағды,д\ш</p>	жапырақтарды үрлеу.		<p>Б) Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз.</p> <p>В) Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз.</p> <p>Г) Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз.</p> <p>(музыка, мәдени дағды,д\ш)</p>	
Бесін ас	<p>Ас ішер алдында ,ас мәзірімен таныстыру, Ыдыспен ойнамау. Балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	<p>«Ормандағы Кірпілер»</p> <p>Мақсаты: Ермексазды алақан арасында дөңгелектетіп</p>	<p>Кітаппен жұмыс</p> <p>Отбасы бейнеленген кітаптарды қарау, отбасы</p>	<p>Д/о: «Анамыздың себетін толтырайық»</p> <p>Мақсаты: Заттардың көлеміне байланысты (үлкен – кіші, көп – аз) салыстырады.</p>	<p>Үстел үсті ойын</p> <p>«Суреттер құрастыру»</p> <p>Мақсаты: Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету,</p>	<p>Тақпақ. «Жел»</p> <p>Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының</p>

және тағы басқа әрекеттер)	мүсін жасауды жетілдіру, ермексазды пайдалану арқылы, Кірпі жасауды үйрету Мүсіндеу	жайлы түсінігін қалыптастыру. Сөйлеуді дамыту	Математика негіздері, Қоршаған ортамен танысу	әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: әр түрлі ертегілерге байланысты суреттер. Сөйл.дамыту, құрастыру	мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Көркем әдебиет
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту арқылы, Ислам, Абылайға Аюдың суретін салдыру, қылқаламмен жұмыс жасу	Жеке баламен жұмыс: Жұлдызқұрттың бөліктерін санай отырып, Алауға, Айсұлтанаға санауды, түстерді ажыратуды үйрету. Құрастыру, матем	Жеке баламен жұмыс: «Көлеңкесін тап» ойнай отыра ойлау, қызықтыра отырып қоршаған ортамен таныстыру. Айымжанға, Айяға, Айкенге-логикалық ойлауын дамыту,сөйлеуге ынталандыру, танымын кеңейту. Сөйл.дамыту, қорш.орта	Жеке баламен жұмыс: «Жемістер» Хантөре, Айымға желіммен дұрыс жұмыс жасауға, қызығушылығын туғызу, жапсыру дағдсын дамыту. Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту, жапсыру	Жеке баламен жұмыс: «Көңілді күн» Ализиге, Мединаға ермексазды домалату, ширатып созу арқылы, күн сәулесін жасауға үйрету, ермексазбен дұрыс жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту

	дағдысын қалыптастыру Сурет салу Көркем әдебиет, қорш .орта,	негізі, танымдық дағды			
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау. Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№47 Серуен картотека (қорытынды лау)	№48 Серуен картотека (қорытынды лау)	№49 Серуен картотека (қорытынды лау)	№50 Серуен картотека (қорытынды лау)	№51 Серуен картотека (қорытынды лау)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) чБата жасау: Береке берсін асымызға! Амандық берсін басымызға. Дастарханымыз мол болсын, Көңіліміз жайлы болсын.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	Әндер мен тақпақтарын қайталау. көркем әдебиет, музыка	Қимылды жаттығу: Көтеріліп шанырақ Уықтары шаншылар Кергелер	«Күз» тақпақ Береке бақ дарыған, Жомарт көңіл, жарқын жүз, Сары алтынға малынған, Жетті міне, алтын	Д/о «Тез-ақырын» Мақсаты: Балаларға тақпақтарды, жаңылт паштарды тез жән ақырын айтуға үйрету. Ойын барысы:	«Шар жарылды» Мақсаты: Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.

және тағы басқа әрекеттер)		керіліп Өрімдей боп өрілер Бәріміз жүрсек айналып Кигіз үй боп көрінер. Шаңырақтың суретін саусақпен салу. Сурет салу, жапсыру	күз! Қоршаған ортамен танысу, Сөйлеуді дамыту	Тәрбиеші балаларға бір сөзді, тақпақты немесе жаңылтпашты айтады. Балалар соны тез және ақырын қайталап айтуы керек. сөйлеуді дамыту, көрк.әдеб	Ойын барысы: Көпіре гөр көбік шар, Көпіре бер кеңіп-шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өленді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші «шар жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен: «ш-ш-ш»-дейді тізерлеп отыра кетеді.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Балалармен бірге Күз мезгіліне көрме жасап келуді тапсыру	Күз мерекесіне арналған әндерін, тақпақтарын қайталау.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.

Циклограмма толтырған тәрбиеші:
Әдіскер:

